

**«Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» ШЖҚ МКК-ның (ОПАБ)
жиналыс ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№9

24 маусым 2025 жыл

Қатысушылар:

Жиналыс төрағасы – ОПАБ басшысы М.Р.Копабаев;

Жиналыс хатшысы – мемлекеттік сатып алу есепшісі Р.К.Даулетова;

ОПАБ қызметкерлері – 9 қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы*);
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (*Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ*);
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы*) түсіндіру.

Жиналысты төрағасы М.Р.Копабаев ашып, жиналысқа қатысушыларды бүгінгі күн тәртібіндегі нормативтік құқықтық актілермен таныстырып, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін сөзді ОПАБ заңгері әрі комплаенс офицері М.Н.Зұлпыхарға берді.

М.Н.Зұлпыхар ең алдымен Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен» таныстырып берді. Аталған тұжырымдама 7 бөлімнен тұратындығын, әрбір бөлімнің өз мақсаттары мен міндеттерін барлығын айтты.

Мысалы 7-бөлімде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілген.

Екінші заңнамалық акті ҚР Еңбек кодексі. Еңбек кодексі бұл еңбек қатынастарын, әлеуметтік әріптестік пен еңбекті қорғау қатынастарын реттейтін нормалардың жиынтығы болып табылады. М.Н.Зұлпыхар осы кодекстің қағидаттары, мазмұны мен мақсаттарын түсіндіріп берді. Жұмыскерлер үшін ерекше маңызды еңбек шартын түзу, жұмыскерлердің құқықтары мен міндеттері, еңбек демалыстары, еңбек тәртібі, жұмыс уақыты мен тынығу уақыты сынды бөлімдеріне ерекше тоқталып, күнделікті кездесетін нақты мысалдармен қызметкерлерге түсінікті деңгейде түсіндіріліп берілді.

Күн тәртібіндегі соңғы акті Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» талаптары оқылды.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

М.Н.Зұлпыхар бұл әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталғандығын жеткізді.

Әдеп кодексі нормаларының сақталуын бақылауды әдеп жөніндегі уәкіл қамтамасыз етеді және азаматтар мемлекеттік қызметшілер тарапынан Әдеп кодексі талаптарының бұзылғандығын анықтаған не байқаған кезде осы уәкілге шағымдануға болатындығын айтып берді.

Жиналыс соңында қатысушылардың ұсыныстары тыңдалып, берілген сұрақтарына жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы:

Жиналыс хатшысы:



М.Р.Копабает

Р.К.Даулетова